

Ақтөбе қаласының атаусыз көшесіне Жұсіпбек Аймауытовтың есімін беру туралы

Ақтөбе облысының әкімдігінің 2017 жылғы 30 мамырдағы № 168 қаулысы және Ақтөбе облыстық мәслихатының 2017 жылғы 30 мамырдағы № 141 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 3 шілдеде № 5564 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 және 27-баптарына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Заңының 11-бабының 4-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы "Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы" № 138 қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының 2016 жылғы 20 желтоқсандағы қорытындысына, Ақтөбе қалалық мәслихатының тұрақты комиссиясының өткізілген көпшілік тыңдауының хаттамасына сәйкес, Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы бірлескен әкімдіктің қаулысына және мәслихаттың шешіміне қосымшаға сәйкес, Ақтөбе қаласының атаусыз көшесіне Жұсіпбек Аймауытовтың есімі берілсін.
2. Осы бірлескен әкімдіктің қаулысының және мәслихаттың шешімінің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Е.Ж.Нұргалиевке жүктелсін.
3. Осы бірлескен әкімдіктің қаулысы және мәслихаттың шешімі олар алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.


Облыс әкімі
Сессия төрағасы,
облыстық мәслихаттың
хатшысы

Б. САЛАРБАЕВ

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА

2017 жылғы 30 мамырдағы № 168/141 Ақтөбе облысының әкімдігінің бірлескен қаулысының және мәслихаттың шешіміне қосымша

Ақтөбе қаласының атаусыз көшесіне Жұсіпбек Аймауытовтың есімін беру туралы схемалық карта



Ақтөбе каласының экімі *I. Испанбаев*

Ақтөбе калалық мәслихатының затынысы *С. Шынтасов*

атаусы *Л. Кожеке*

шектесетін кошелер

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК